



Бекітемін

Қостанай облысы  
әкімінің орынбасары

М.Жүндібаев

желтоқсан 2019 жыл

**Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығына және Қазақстан халқы  
Ассамблеясының 25 жылдығына арналған  
«Өнеріміз саған, Қазақстан!» атты облыстық  
көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы  
байқау-фестивалінің  
ЕРЕЖЕСІ.**

**Өткізу мерзімі**

**сәуір-мамыр 2020 жыл**

**Мақсаты мен міндеттері**

- Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы», «Тілдер туралы» Заңдарын іске асыру;
- «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;
- қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, салт-дәстүрмен, тілмен және мәдени мұрамен ұштасқан ұлттық бірегейлікті сақтау;
- халық шығармашылығының барлық түрлері мен жанрларын насихаттау;
- облыс аймақтарында жаңа талантты есімдерді ашу;
- әлемдік және қазақстандық мәдениет, өнер қайраткерлерінің шығармаларын насихаттау арқылы жастарды мәдени құндылықтарға тәрбиелеу;
- ұжымдар мен жеке орындаушылардың шығармашылық шеберліктерін дамыту.

**Фестиваль шарттары**

- фестивальде көркемөнерпаздар халық шығармашылығының барлық түрлері мен жанрлары бойынша ұжымдар, жеке орындаушылар және ауылдық округтерінің өнерпаздары қатысады;
- фестивальдің гала-концертіне ұйымдастыру комитеті бекіткен шығармашылық ұжымдар мен жеке орындаушылар қатысады;
- гала-концерт қатысушыларының жол жүру, тұру, тамақтану бойынша шығындары жіберуші тараптың есебінен жүзеге асырылады.

### **Фестиваль 3 кезеңде өткізіледі**

- I кезең – ауданның (қаланың) клуб мекемелерінің жеке орындаушылары мен көркемөнерпаздар ұжымдарының шығармашылық есеп беруі;
- II кезең – кестеге (қоса беріледі) сәйкес ауданның (қаланың) үздік ұжымдары мен орындаушыларының фестивалі;
- III кезең – облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы фестивалінің қорытынды гала-концерті.
- Шығармашылық ұжымдар мен жеке орындаушыларының өнері «Qostanai» телеарнасының эфирінде жүргізіледі.

### **Талаптар**

- II кезең бағдарламасы 20 концерттік нөмірден аспауы тиіс, ережеге сәйкес талап орындалмаған жағдайда, қазылар алқасы нөмірлерді қысқартуға құқылы;
- мектеп жасындағы балалардың саны концерттік бағдарламаға қатысушылар санынан 30% - дан артық болмауы тиіс;
- фестиваль қатысушылары аталмыш ауданда, қалада тұруы міндетті;
- қатысушылардың, шығармашылық ұжымдардың соңғы 5 жылдағы жетістіктерін ұсыну (форма қоса беріледі);
- ҚДБ (басшыдан басқа) есебінен жалақы алатын шығармашылық ұжымдар бағдарламаға қатыспайды;
- қазақ, орыс және басқа тілдерде әндер орындауға рұқсат беріледі;
- әннің мәтіні мен музыкасы фестиваль тақырыбына сәйкес болуы тиіс;
- шығарма кез-келген музыкалық жанрда қолданылуы мүмкін;
- негізгі әуенді дыбыстаған немесе «+» жазылған фонограммаларды пайдалануға тыйым салынады; жеке орындаушыларға «бек-вокал» жазылған, негізгі әуенді қайталамайтын «-» фонограммасын пайдалануға рұқсат беріледі; ансамбльдерге, топ ұжымдарына «бек-вокал» жазылған фонограмма пайдалануға тыйым салынады.
- қазылар алқасы ереженің талаптарын сақтамаған концерттік нөмірлерді бағалаусыз қалдыруға құқылы.

### **Бағалау критерийлері**

- орындаушылық шеберлік;
- әртістік қабілет;
- сахналық костюмдер;
- фонограмма сапасы;
- нөмірдің композициялық құрылымы.

Әр критерий 5 балдық жүйе бойынша бағаланады, әр нөмірдің ең жоғарғы бағасы 25 балл. Ереже талаптарын сақтамағаны үшін қазылар алқасы ұпайларды төмендетуге құқылы.

### **Жалпы бағдарламаны бағалау критерийлері**

- көп жанрлық;
- режиссерлік-қойылым жұмысы;
- қатысушылардың жаппай қатысуы.

### **Кәсіби қазылар алқасы**

- қазылар алқасы әр түрлі жанрдағы кәсіби мамандардан тұрады және мәдениет басқармасының өкілі қатысады.

### **Марапаттау**

Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша марапаттау ауданның (қаланың) жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша марапаттау Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК жүлде қоры есебінен өткізіледі: Бас жүлде, 1-ші орын, 2-ші орын, 3-ші орын.

Қазылар алқасы қалалар мен аудандардың бірнеше бағдарламасына (бірдей балл алған жағдайда) 1- орын, 2 - орын, 3 - орын беруге құқылы.

Фестиваль ұйымдастыру комитетімен алдын ала келісім бойынша шығармашылық ұжымдар мен жеке орындаушыларды марапаттау үшін демеушілер (меценаттар) арнайы жүлделерді тағайындауы мүмкін.

### **Ұйымдастырушылар**

«Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.